ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

18 шілде 2023 жыл № 3115-23-00-2/1193 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Е. Қалымханов, сот отырысының хатшысы А. Мырзакулованың қатысуымен сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Қордай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Қызылту-Көлік" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбының сомасын өндіріп алу

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшымен мен жауапкер арасында 2023 жылғы 22 сәуірде № 145 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды.

Осы Шарттың талаптары бойынша жауапкер шарт жасалған күннен бастап 16 күн ішінде жалпы сомасы 74 480 теңгеге файл қалта жеткізуге міндеттенді.

Шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 1 639 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбының сомасын өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талапты қолдады.

Жауапкер сот отырысына қосылмады, сот істі оның қатысуынсыз қарау туралы ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1-талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272-бабына сай (бұдан әрі - АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК 458-бабына сәйкес кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Зан) 38-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамады.

Заңының 12-бабының 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Осыған байланысты талап қоюшының мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану талабы қанағаттандырылуы тиіс.

2-талап бойынша

Талап қоюшы 2023 жылғы 9 мамырдан 5 маусымға дейін тауарды жеткізуді кешіктірген 22 күн үшін 1 639 теңге сомасында тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы сұрады.

Сот тұрақсыздық айыбының есебін тексерді және қабылдады.

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 25.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 29.08.2023, судья Калымханов Е. А., 31.08.2023
3115-23-3-1/1480

АК-нің 298-бабына сәйкес міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Шарттың 7.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалатыны көзделген.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне, 109-бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына және мемлекет кірісіне сот шығыстары өндіріп алуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Қордай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер "Қызылту-Көлік" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбының сомасын өндіріп алу туралы талап талап қоюы - қанағаттандырылсын.

"Қызылту-Көлік" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Қызылту-Көлік" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Қордай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 1 639 (бір мың алты жүз отыз үш) теңге тұрақсыздық айыбының сомасы және 49 (қырық тоғыз) теңге сот шығыны сомасы өндіріліп алынсын.

"Қызылту-Көлік" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндіріліп алынсын.

Шешімге түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 25.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 29.08.2023, судья Калымханов Е. А., 31.08.2023
3115-23-3-1/1480

Шешім түпкілікті нысанда 25 шілдеде 2023 жылы әзірленді.

Судья Е.А. Калымханов

Құжатқа қол қойылған: Калымханов Е. А., 25.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 29.08.2023, судья Калымханов Е. А., 31.08.2023

3115-23-3-1/1480